

Ленин тұжы

б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Төтенше қалалық комитетінің газеті

№ 123 (7083) | Жексенбі 24 июнь 1945 жыл | Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Ұлы Отан соғысында Германия-
жеңу хұрметіне, 1945 жылғы 24
июньде Москвада Қызыл алаңда
Майдандағы Армияның, Соғыс-Те-
ңіз Флоты мен Москва гарнизоны
әскерлерінің парады,—**Жеңіс пара-**
ды өткізілсін.

Парадка: майдандардың іріктел-
ген полктары, Отан Қорғау Халық
Комиссариатының іріктелген полкі,
Соғыс-Теңіз Флотының іріктелген
полкі, Соғыс Академиялары, әскери
инженерлер мен Москва гарнизо-

нының әскерлері қатыстырылсын.
Жеңіс парадын менің орынбаса-
рым Советтер Одағының Маршалы
Жуков қабылдайтын болсын.

Жеңіс парадын Советтер Ода-
ғының Маршалы **Рокоссовский** бас-
қарсын.

Парадты ұйымдастыруға жалпы
басшылық жасауды Москва Соғыс
Округі әскерлерінің қолбасшысы
және Москва қаласы гарнизонының
бастығы генерал-полковник **Арте-**
мьевке тапсырамын.

**Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.**

1945 жылғы 22 июнь. №370.

БАЛАЛАРДЫ ҚАМҚОРЛЫҚҚА БӨЛЕЙІК

Балалар—біздің болашағымыз, үміті-
міз, заманымыздың көркі. Олар еліміздің
лашақ құрлысшылары, ғылым мен мә-
дениеттің, әдебиет пен көркем өнердің,
адам шаруашылығының болашақ іскер
зметкерлері, талантты қайраткерлері.
Іне сондықтан да совет балаларын Ота-
нымызға, Ленин—Сталин ұлы партиясы-
ның шексіз берілгендік рухта тәрбиелеп,
өмірмен өсіру үшін оларды көпшіліктің

Қазір облысымызда 8 балалар үйі бар.
Бұларда 2 мыңға жуық балалар оқып,
тәрбиеленеді. Бірақ, айта кету керек,
бұл балалар үйлері көпшілігінің жұмысы
тіпті дәрежеде болмай отыр. Ең алды
мен, бірсыпыра балалар үйлері ойдағыдай
жабдықталып, реттелмеген. Төсек-орын
жеткіліксіз. Балалардың киім-
көнегінің, әсіресе сыр-
ты киімінің жеткіліксіз болуы қысқы

на» колхозынан басқа қамқорлығына
алушылардың бірде-бірі осы күнге дейін
бұл балалар үйіне ешқандай әсерлі кө-
мек көрсетпей келеді. Ал, облыстық қол
өнершілер одағының басшылары тек
үде берумен ғана тынған. Міне бұл сы-
яқты мысалдарды балалар үйлерін қам-
қорлығына алған колхоздардың, кәсіп
орындары мен шаруашылық ұйымдары-
ның жұмысынан жиі кездестіруге болады.

Бүгін, 24 июньде, Ұлы Отан соғысында Германияны жеңу хұрметіне,
Москвада Қызыл алаңда Майдандағы Армияның, Соғыс-Теңіз Флоты
мен Москва гарнизоны әскерлерінің парады,—**Жеңіс парады** болады.

Батыр Қызыл Армиямыздың даңқы арта берсін!

Жеңген халық—ұлы совет халқының даңқы арта берсін!

ССРО Жоғарғы Советінің бірінші сайланған XII сессиясы ССР Одағы Жоғарғы Советінің 1945 жылғы 22 июньдегі мәжілісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

Кеше, 22 июньде, кешкі сағат 7 де,
ССРО Жоғарғы Советінің мәжіліс залында,
Кремльде, ССР Одағы Жоғарғы Советінің
XII сессиясы ашылды.

Локаларға ССРО Халық Комиссарлары
советінің Председатели И. В. Сталин жол-
дас, ССРО Жоғарғы Советі Президиумы
мүшелері мен ССР Одағы Үкметі мүшеле-
рінің келуін отырғандар ұзаққа созылған
ду орация жасап қарсы алды.

Председатель столында: Одақ Советінің
Председатели А. А. Андреев жолдас, Ұлт-
тар Советінің Председатели Н. М. Швер-
нин жолдас және олардың орынбасарлары
Т. Д. Лысенко, У. Юсупов, Ч. А. Асланов-
ва, М. В. Кулагин жолдастар.

Председательдік етуші А. А. Андреев

жолдас ССР Одағы Халық Комиссарлары
Советінің ССРО Жоғарғы Советі XII сес-
сиясының қарауына «Майдандағы Ар-
мия қатарындағы жасы үлкендерді боса-
ту туралы» заң жобасын ұсынатынды-
ғын хабарлады.

Депутат П. И. Селезневтің ұсынысы бо-
йынша, ССР Одағының Жоғарғы Советі
бұл мәселені бірауыздан сессияның күн
тәртібіне қосты.

Депутат И. Ф. Зименковтың ұсынысы
бойынша, Одақ Советі мен Ұлттар Советі
палаталарда дербес дауысқа қойып, «Май-
дадағы Армия қатарындағы жасы үл-
кендерді босату туралы» заң
жобасын қараудың мынадай тәртібін қа-

былдады: Майдандағы Армия қатарында-
ғы жасы үлкендерді боса-
ту туралы баяндама Одақ Советі мен
Ұлттар Советінің біріккен мәжілісінде тың-
далады. Баяндама бойынша жарыс сөз
және заңды қабылдау ісі де Одақ Советі
мен Ұлттар Советінің біріккен мәжілісінде
өткізіледі.

«Майдандағы Армия қатарындағы
жасы үлкендерді босату ту-
ралы» Қызыл Армия Бас Штабының Бас
тығы армия генералы А. И. Антонов
баяндама жасады.

А. И. Антонов жолдастың баяндамасы
айқалданған кейін Одақ Советі мен Ұлт-
тар Советінің біріккен мәжілісі жабылды.

ССРО Жоғарғы Советі XII сессиясының ашылуы

Кеше, 22 июньде, кешкі сағат 7 де,
Кремльдің Үлкен Сарайында Одақ Советі
мен Ұлттар Советінің біріккен мәжілі-
сімен ССРО Жоғарғы Советінің XII сес-
сиясы ашылды.

Мәжіліс басталмастан көп уақыт бұрын
Кремльге ССРО Жоғарғы Советінің депу-
таттары және көптеген қонақтар—азат
етуші армия—Қызыл Армияның маршал-
дары мен генералдары, офицерлері, со-
вет өнеркәсібінің, ғылым, көркем өнер
және әдебиет қайраткерлері, Москва кә-
сіп орындарының өкілдері жыйналды.

Бұл сессия—Ұлы Отан соғысы жеңіс-
пен аяқталғаннан кейін шақырылған
тұңғыш сессия. Ол жеңісіміздің қуаныш-
ты күндерінде, еліміз бейбітшілікпен өр-
кендеу дәуіріне көптеген күндерде өткізі-
ліп отыр. Совет қаруы ұлы даңққа бө-
ленген соғыс айлардағы қуанышты оқып
ға осы тарихи мәжіліске қатысқандардың
қарама-қайшылығын әлі күнге дейін есіңде.

тәуелсіздігіне қатер тұғызды. Алайда өмір
ақиқаты гитлершілердің бүкіл әлемге
үстемдік жасамақшы болған арам ниетін
іске асырмай, күйретті.

Отан соғысының қиын-қыстау саға-
тында, 1941 жылғы 3 июльде Сталин
нің тыл еңбекшілеріне, армия мен флот
жауынгерлеріне арнап сеніммен сөйлеген
байсалды даусы естілді:

«Біздің күшіміз ұшан-теңіз. Масайрап
кеткен жаудың бұған жақында көзі жо-
туға тиіс. Басалған жауға қарсы соғыс-
қа Қызыл Армиямен бірге санмың жұмыс-
шылар, колхозшылар, интеллигенция
аттануда. Біздің халқымыздың миллион-
даған бұхарасы аттанады». Сталин жол-
дас «Отанымыздың бостандығы жолында
ғы біздің соғысымыз Европа мен Амери-
ка халықтарының өз тәуелсіздігі жолы-
дағы, демократиялық бостандықтар жо-
лындағы күресімен ұштасады»—деді. Ке-
менген кесеміміз және ұстазымыз со-

қыстақтарымызды қалпына келтіруге,
азат етілген жерде ғылымның соңғы
табысы бойынша жаңа фабрикалар мен
заводтар салуға, жаңадан темір жолдар
салуға, сойтіп совет адамдарының тұр-
мысын бұрынғыдан да көңілді және ба-
қытты етуге ат салысуда.

Кешкі сағат 7. Одақ Советінің Предсе-
дательі А. А. Андреев, Ұлттар Советінің
Председатели Н. М. Швернин және олар-
дың орынбасарлары Т. Д. Лысенко, У.
Юсупов, Ч. А. Асланова, М. В. Кулагин
председательдің үстелінен көліп орын ал-
ды. Сталин жолдас, Молотов, Калинин,
Ворошилов, Каганович, Микоян, Жданов,
Хрущев, Берия, Маленков, Вознесенский,
Муромов, Булганин жолдастар ССРО Жоғар-
ғы Советі Президиумының мүшелері, Ха-
лық Комиссарлары жолаға келді.

Залда отырғандардың барлығы орын-
дарынан тұрып, ду қол шапалақтап Ста-
лин жолдасқа, партия мен үкмет басшы-

партиямыз бен үкметіміз жас озындарды отаншылдық рухта тәрбиелеу, олардың мектепте болсын, балалар үйлерінде болсын және қоғам өмірінде болсын тиісті тәрбие алып, оқып, білімді азамат болуына әр қашан да әкелік қамқорлық жасап, мейірімділікке бөлеп келеді.

Қанышөзер неміс-фашист қарақшыларға қарсы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңдерінде де үкметіміз бен партиямыздың жас жеткіншектерге, панасыз балаларға деген мейірімділігі мен қамқорлығы ешбір бәсеңдеген жоқ, қайта бұрынғыдан анағұрлым дами түсті. Ұлы Отан соғысы майдандарында неміс-фашист басқыншыларға қарсы ерлікпен күрес жүргізген жауынгерлердің балаларына, ата-анасы жау қолынан қаза тапқан панасыз балаларға халқымыз күнбе-күн қамқорлық жасап, мейірімділігіне бөледі, олардың мектепте оқып, жақсы тәрбиеленуіне, сапалы білім алуына, мұқтаждық көрмей өсуіне ерекше көңіл бөлді.

Жас жеткіншектерді тәрбиелеп, олардың оқып білім алуы үшін толық жағдай жасау жөнінде біздің облыста да бір сыппа жұмыстар істелді. Оқу жасындағы балалар, әсіресе әскери қызметкерлердің балалары мектепке толық дерлік қамтылды. Әскери қызметкерлердің балаларының оқудан қол үзбеуіне жағдай жасалды. Осының нәтижесінде қазіргі емтихан алу ісінің барысы облысымыздың бір сыппа мектептерінде оқу-тәрбие жұмысының ойдағыдай жүргізілгендігін ыспаттап отыр.

Совет балаларына сапалы білім, саналы тәрбие беру ісінде мектептермен қатар, балалар үйлерінің, олардың тәрбиешілер коллективінің атқаратын ісі ерекше зор. Өйткені балалар үйі—жас жеткіншектерге саналы тәрбие сапалы білім беретін тәрбие орны. Олай болса, балалар үйінің күнбе-күнгі жұмысы осы талапты іс жүзінде аброймен орындау дәрежесіне толық сай болуға тиіс.

И. В. Сталин Б. Берут мырза мен Э. Осубка-Моравский мырзаны қабылдады

21 июньде СССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі И. В. Сталин Әкелік Халық Кеңесінің Президенті Б. Берут мырза мен Польша Республикасы Уақытша Үкметінің Бас Министрі Э. Осубка-Моравский мырзаны қабылдады.

Қабылдауда Бас Министрдің орынбасары

В. М. Молотов Чехословакия Министрлер Кеңесінің Председателі Э. Фирлингермен әңгімелесті

22 июньде СССР Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов Чехословакия Республикасы Министрлер Кеңесінің Председателі Э. Фирлингер мырзамен әңгімелесті.

таратпа салынбауына жете көңіл бөлу керек. Бірақ, бұл істе де елеулі кемшіліктер бар. Облыстық оқу бөлімі (менгерушісі Беев жолдас), облыстық сауда бөлімі (менгерушісі Ксенз жолдас) мен облыстық тұтынушылар одағы (председателі Писеуков жолдас) балалар үйлерінде тәрбиеленушілерге тиісті азық-түліктің дұрыс бөлініп, дәр кезінде жеткізілуіне өздерін жауапты емесіз деп санайтын сияқты. Олар кейбір балалар үйлеріне бөлінген азық-түліктің мезгілінде толық жеткізілуіне жете көңіл бөлмей келді. Осының салдарынан Өрнек, Полтава, Колюхов, Щучье тағы басқа балалар үйлеріне азық-түлік бөлінгеннен кейін 30 күннен соң жеткізілетін болған. Сөйтіп бұл оқу-тәрбие ісіне қатты әсер еткен.

Оқу-тәрбие жұмысын негүрлым жақсарту үшін балалар үйлерін облысымыздың бірсыппа колхоздары, өнеркәсіп орындары мен шаруашылық ұйымдары қамқорлығына алған болатын. Балалар үйлерін қамқорлығына алған колхоздардың, өнеркәсіп орындары мен шаруашылық ұйымдарының басшылары нақтылы көмек көрсету жөнінде бірсыппа уәде берген еді. Бірақ бұл басшылар уәде берумен ғана тынып, балалар үйлеріне қолма-қол көмек көрсету жөнінде мардымды ештеңе істемеді. Сөйтіп, олар балалар алдында борышты болып отыр. Газетіміздің кешегі санында Петропавл ауданындағы Архангельскі балалар үйінің директоры Адамқұлов жолдастың мақаласы жарияланды. Ол өзінің бұл мақаласын да балалар үйінде оқу-тәрбие жұмысының жайы, оқу жұмысында болған елеулі кемшіліктерді айта келіп, балалар үйін қамқорлығына алған кейбір ұйымдардың қалай көмектесіп отырғандығына тоқталды. Мысалы, бұл балалар үйін бірсыппа ұйымдар, оның ішінде облыстық колхоздар одағы өзінің қамқорлығына алған болатын. Бірақ «Луч Лени-

н» өздерінің қамқорлығына алған балалардың, кәсіп орындары мен шаруашылық ұйымдарының басшылары есте сақтауға тиіс.

Облысымыздағы балалар үйлерінде оқу-тәрбие жұмысын шын мәнінде жақсартып, оларды жас жеткіншектердің сапалы білім, саналы тәрбие алатын білім ордасына айналдыру үшін көп жұмыстар істеуге тура келеді. Ең алдымен балалар үйлері мәдениетті түрге келтіріліп, тыңғылықты түрде жабықталуға тиіс. Балалар үйлерінде тәрбиеленушілер азық-түлікпен, киім-кешекпен жабықталатын болсын. Сөйтіп олардың оқудан қол үзбеуі үшін тиісті жағдай жасау керек болады. Балалар үйлерін отынмен, оқу құралдарымен, көрнекті аспаптармен толық қамтамасыз ету—қазіргі кезеңде оқу орындарының ішінде тұрған ардақты міндеттің бірі.

Оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту үшін балалар үйлері тәрбиеші мұғалімдермен, қолынан іс келетін тәрбиешілермен толықтырылуға тиіс. Мұны мен қатар, балалар арасында мәдени-көпшілік жұмыстарын мейлінше күшейту керек. Мектептерде қабырға газеттері үздіксіз шығарылатын болсын. Көркем өнер тағы басқа көлемер үйірмелерін ұйымдастырып, балалардың өнерпаздығы мен іске белімділігін арттыра білу қажет. Бұл игілікті істерді жүзеге асыруға жергілікті партия, комсомол ұйымдары ерекше назар аударып, мектепте тәрбие жұмысына басшылық, көмек жасап отыруға тиіс.

Балалар үйлерінің оқу-тәрбие жұмысындағы жоғарыда аталған елеулі кемшіліктерді жедел жойып, біздің болашағымыз—жас буындардың жақсы тәрбие алып, мұқтаждық көрмей өсуі үшін барлық жағдайды жасайтын болайық, балаларды қамқорлыққа бөлейік!

Тұқымдық егіс алақының арам шебі оталды

Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозындағы Черникова жолдас басқарған мол өнімшілер звеносы таңдаулы звеноның бірінен саналады. Бұл звеноның мүшелері жеңіс жылындағы егіннен жеңісімізге сай мол өнім алуға күш жұмсауда. Звено мүшелері қазірдің өзінде өздеріне бекітіліп берілген тұқымдық учаскенің арам шебін бірінші отауды аяқтап, енді екінші рет отауға кірісті.

Мұнымен қатар, звено мүшелерінің бір тобы пар жырта бастады. Олар өздеріне берілген пар жырту тапсырмасын 15 июльге дейін сөзсіз орындап шықпақ.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

даналығы, Сталиннің данышпандығы Мұз мұхитынан Қара теңізге дейінгі зор майданда шайқасқан сан миллиондаған армияларға бағыт сілтеді. Сталиннің сөзі тыл жауынгерлерін Отанымыздың игілігі үшін жаңа ерлік істер істеуге жігерлендірді. Оларды, майдан мен тылда жеңісімізді шыңдаған соғыс батырлары мен еңбек ерлерін, большевиктер партиясы тәрбиеледі, Сталин тәрбиеледі. Партия мен Сталин оларды совет отаншылдығына, еңбекке және ұрыста ұлы батырлыққа, барлық қиыншылықтарды жеңе білуге тәрбиеледі. Оларды күреске шынықтырды.

1941 жылғы 22 июнь. Бұл күнді әрбір совет адамы ұмытпайды. Бұдан дәл төрт жыл бұрын—1941 жылғы 22 июньде социалистік мемлекетімізге неміс-фашист басқыншылар қарақшылықпен шабуыл жасап, советтер Одағын талқандамақшы, бостандық сүйгіш халқымызды құлданбақшы болды. Дандайсыған авантюрист Гитлер миллиондаған армиясын, бүкіл Европа заводтарында жасалған техниканың барлық қуатын бізге қарсы жұмсады. Оның қарақшы жөндеттері еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігіне ғана емес, сонымен бірге дүние жүзінің барлық халықтарының бостандығы мен

дауымызға жеткізген жойқын соғыс Ленин мен Сталин ұйымдастырған социалистік мемлекетіміздің барлық күш-қуатын айқын көрсетті. Отан соғысы күндерінде орыс халқы зор роль атқарды. Өйткені еліміздің барлық халықтары арасында ол Советтер Одағының басшылық күші болды, ол айқын ойлы, тұрақты мінезді және төзімді халық болды.

Кеше Кремльдің үлкен залындағы тарихи мәжілісте болғандардың әрқайсысының есіне біздің ұлы күрестеріміз бен жеңістеріміздің әр кезеңі түсті. Олардың есіне Москва түбіндегі ұлы ұрыстар, Сталинградтағы батырлық дастан, Ленинград түбіндегі, Украина далаларындағы, Белоруссия ормандарындағы совет жерінен тыс жерлерде жүргізілген ұмытылмас ұрыстар түсті. Армиямыз, халқымыз өздерінің Отан алдындағы борышын аброймен орындады. Жауынгерлеріміз туған жерімізді гитлершіл арамзалардан тазартып, мемлекеттік шекарадан өтті де соғысты дұшпанның жеріне көшірді. Біздің жеңіс туы Берлин үстінде желбіреді.

Жауды жеңіп шыққан совет халқы қазірде қызу творчестволық еңбекпен шұғылданауда. Совет адамдары Отанымызға жау салған жараны тез жазауға, жау талқандап, қыйратқан қалаларымыз бен

ЖАМБЫЛ

22 июньде совет халық поэзиясының алыбы, Қазақстанның халық ақыны Жамбыл Жабаев ұзақ уақыт қатты науқастан кейін қайтыс болды.

Жамбыл 1846 жылы Алматы облысындағы Шу өзені алқабында туған, көшпелі кедей шаруаның баласы. Өзінің ақындық дарындылығы арқасында ақындар айтқысына түсіп, Жамбылдың жас шағынан атағы шықты. Өз халқының бақыты үшін жалынды және қажымайтын күресшісі Жамбыл қазақ халқының үміті мен тілегінің жыршысы болды. Оның халыққа деген сүйіспеншілік пен халықты өзушілерге деген өшпенділікті жырлаған өлеңдері бүкіл халыққа жыр болып таралып, бүкіл қазақ даласына жайылды.

Тұрмыстың ауырталығын көріп қалған 70 жастағы қарт Жамбыл Ұлы Октябрьді көтеріңкі көңілмен қарсы алды. Осы кезден ақынның екінші өмірі басталды. Шешен ақын адам баласының жаңа заманы туып келе жатқандығын әлемге бар дауысымен естіртті.

Оның еркін айтылған алғашқы жырлары революцияның ұлы көсемдері—Ленин мен Сталинге арналды. Жамбыл ширек ғасыр бойына азат өмірді жасаған данышпандарды тынбастан жырлады. Жамбыл өзінің көркем шығармасында Отанға, жеңімпаз Ленин—Сталин партиясына және

еліміздің халықтарының мызғымас достығына деген шексіз сүйіспеншілікті бейнеледі.

Жамбыл шын жүректен сүйіспеншілікпен айтылған жырларын ұлы орыс халқына арнады.

Жамбыл өзінің айбарлы сөзімен Отанымыздың қас жауы—неміс-фашист басқыншыларды өлтіре түйреді.

Жамбылдың шексіз отаншылдық сезімде айтылған жырлары совет жауынгерлерінің жауды талқандауына көмектесті. Жамбылдың «Отан әмірі», «Ленинградтық балаларым» және басқа жырлары майдандағы жауынгерлеріміздің ұнағып айтатын өлеңі болды.

Жамбыл өзінің алып жүрегімен, бүкіл ақыл-ойымен сүйікті Отанымызбен бірге тіршілік етті.

Сөйтіп қатты сырқаттанып жатса да Жамбыл сүйікті Отанымызбен бірге ұлы жеңісті салтанат етіп, 9 майда өзінің соңғы жырын жауды жеңіп шыққан ардагер совет қолбасшыларына арнады.

Совет үкметі Жамбылдың Отан мен совет халқы алдында сіңірген аса зор еңбегін жоғары бағалап, оны Ленин, Еңбек Қызыл Ту және «Хұрмет Белгісі» ордендерімен наградтап, Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген жоғары атақ берді.

Қазақ халқы зор сенім көрсетіп, өзінің

сөзін ашық деп жариялады. СССР Халық Комиссарлары Советі сөзінің қарауына бір мәселе—Майданда Армия қатарындағы жасы үлкендерді сату туралы заң жосын қарауды ұсынатындығын хабарлап, Депутат Селезневтің ұсынысы бойынша сессия бірауыздан бұл ұсынысты тәртібіне енгізді. Бұдан соң председателік етуші депутат Зименновқа сөз беріп, Майдандағы Армия қатарындағы жасы үлкендерді босату туралы баяндаманы Одақ Советі мен Ұлт Советінің бірлескен мәжілісінде тыңда және қабылдаған заң туралы жаңа сөзді де екі палатаның біріккен мәжілісінде өткізуді ұсынды.

Сессия мәселені қараудың ұсыныс тәртібін бірауыздан бекітті. Майданда Армия қатарындағы жасы үлкендерді босату туралы баяндама жасау үшін Қызыл Армияның Бас Іс Бюросы Бастығы армия генералы Антонов сөз берді. Оны залдағылар уақыт қол шанақтап қарсы алды.

Антонов жолдастың баяндамасы талғаннан кейін СССР Жоғарғы Сессиясының бірінші мәжілісінің баяндамасы жарияланды. (ТАСС)

сүйікті совет ақынын Қазақ ССР Жылы Советінің депутаттығына сайлауды Сталин заманындағы қазақ Гомері Совет халық поэзиясының алыбы Шешен ақын өзінің жауынгерлік метінде өлді.

Тарихта ақынның творчестволық быты жүз жыл бойына қайтпаған болған емес.

Жамбыл жырлары совет Отаны дарының ұрпақтарын жігерлендіріп сырлар бойына өмір сүреді.

Отанымыздың халықтары ұлы еліміздің есімін мәңгі ұмытпай, жүрегінде таяды.

Г. Бариев, Н. Оңдасынов, Ж. Іметов, Ә. Қазақбаев, А. Қойшы М. Әбдіхалықов, С. Аюов, В. Рейкин, С. Огальцев, Н. Багданов Загварев, У. Акупов, А. Дауы. І. Омаров, Н. Бабкин, М. Шахматов, Н. Диларов, Д. Қонаев Жанғозин, Н. Кузембаев, Г. И. Шмельков, С. Жұсыпбеков, К. лованов, Б. Степанов, С. Ахметов, Б. Асанов, Н. Насредов, қанов, К. Филиппов, И. Луки Ш. Ермағамбетов, Г. Шоланов, Г. нәзов, Г. Мұсиренов, Ә. Әбішев, Г. манов, Ә. Тәжібаев, Қ. Хасанов, І. пиев, М. Әуезов, А. Федюлин.

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс

Социалистік жарыста алынған міндеттемелер ауыл шаруашылығында да, өндірісте де мүлтіксіз орындалсын!

Киров совхозы пар жыртпай ма?

Облысымыздың колхоз, совхоздарында әр жырту маусымы басталғанына едәуір ақыт өтті. Совхоздар пар жырту жөнін еті берілген жоспарды дер кезінде орын ау үшін бар мүмкіншіліктерін пайдалауда.

Алайда, Совет ауданының Киров атындағы астық совхозында істің жайы тіпті ісқанша. Бұл совхоздың коллективі Қазақ Кеңестік Республикасы совхоздарының жұмысшыларын, жұмысшы әйелдері мен қызметкерін Қазақ ССР-нің 25 жылдығы хұрме не социалистік жарысты өрістетіп, нақты мерекені барлық өндіріс жоспарын асыра орындаумен қарсы алуға ықпалымыз деп жаршы болғаны бәрімізге аям. Мұнымен қатар, олар сол міндетте лерінде «пар жырту жоспарын осы ыңғы 1 июньге дейін орындап, бұйыл з бойына оны таза ұстаймыз» деген гатып.

Амал не, алынған міндеттеме, беріл і серт қазіргі пар жырту маусы кезінде орындалмай отыр. (б) облыстық комитеті мен астық сов дары тресі қызметкерлерінің пар жыра ағы алынған міндеттемелердің орында і жөнінде жақын арада өткізген тек ісінің қорытындысы Киров атындағы соз басшыларының пар жырту ісіне ы сыбана кіріспегендігін, тракторшы арасында күнделікті істің нәтижесі ыттымай, өзара тәжірибе ауысу ісінің тетілмегендігін, қолда бар жұмыс мал жырт пар жырту ісіне толық қаланыпмай келгендігін, соның қарынан совхоз бойынша берілген ырманның бүгінге дейін не бары 14,9 цент гана орындалғандығын ыспаты.

ұрасын айту керек, совхозда беріл тапсырманы үнемі артығымен орын жүрген Махамбетов, Коваленко және некий жолдастар сықты алдыңғы рлы тракторшылар да жоқ емес. Бі олардың жұмыс әдісін барлық жұ пылардың игілігіне айналдыру ісі іен өріс ала алмай келеді. Ал, қа а газеттері мен жауынгерлік-исток ынтасы былай тұрсын тіпті өгіс ыралы шығарылмаған. Мұның әсі

Облысымызда ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы

Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 22 июньге дейін колхоздарда 24863 гектар пар жырту жоспары 24,9 процент орындалды. 21 июньде 1381 гектар ғана жер жыртылды. Бұл күні Ленин ауданының колхоздары бірде-бір гектар пар жыртпады.

Пар жыртуда Мамлют ауданы үздік келеді. Мұнда 3679 гектар пар жыртылып, жоспар 36,8 процент орындалды. Пар жырту жоспарын Октябрь ауданы 35,4, Көнөхов ауданы 29,8, Булаев ауданы 28,8, Петропавл ауданы 26,9, Полудень ауданы 24,6, Совет ауданы 20,4, Приешім ауданы 20,2, Соколов ауданы 20,1, Ленин ауданы 17,8 және ең артта қалған Преснов ауданы 17,2 процент ғана орындады. Преснов ауданында соңғы бір күнде небары 79 гектар ғана пар жыртылды.

Мамлют ауданының колхоздары егіннің арам шөбін отауда да алда келеді. Мұнда 18684 гектар егіннің арам шөбі оталып, жоспар 44,6 процент орындалды. Арам шөп отау жоспарын Петропавл ауданы 38,2, Көнөхов ауданы 36,1, Ленин ауданы 35,7, Соколов ауданы 34,6, Приешім ауданы 31,3, Октябрь ауданы 26,6, Булаев ауданы 26,6, Преснов ауданы 26,2, Полудень ауданы 25,7 және артта қалған Совет ауданы 22,8 процент ғана орындады. 21 июньде Ленин ауданының колхоздарында бірде-бір гектар егін арам шөптен арылтылмады.

Облысымызды жалпы алғанда 126241 гектар егіннің арам шөбі оталып, жоспар 31,7 процент ғана орындалды. Соңғы бір күнгі өсім-8210 гектар болды.

Қазір ауа райы өте қолайлы. Бұл жағдайда пішен шабу жұмысын бірден-ақ қыздыра жүргізуге бөлар еді. Бірақ, іс жүзінде олай болмай отыр. Пішен шабу қарқыны мүлде баяу. Облысымызда бар болғаны 13022 гектар ғана пішен шабылды. Пішен шабу жұмысы әсіресе Приешім Петропавл және Көнөхов аудандарында баяу өрістеп отыр. Петропавл ауданының колхоздары небары 117 гектар ғана пішен шапты.

Міндеттеме неге орындалмайды?

Октябрь ауданындағы Коновалов машина-трактор станциясының коллективі республикамыздың 25 жылдығы хұрметіне социалистік жарыс ұйымдастыру жөніндегі авангардтықтардың үндеуін қызу қолдап, ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге бағытталған бірнеше міндеттемелер алған болатын.

МТС коллективі көктемгі егіс кезінде сертінде тұрды. МТС-тың трактор паркi колхоздардың егіс даласында тоқтаусыз жұмыс істеді. Сондықтан да колхоздардың барлығы дерлік егіс жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты.

Алайда, МТС басшылары қазір қол жеткен табысты баянды ете алмай отыр. Олар көктемгі егістен кейінгі ауыл шаруашылығындағы жұмыстардың барысына назар аудармай отыр.

тәртібі және ұйымшылдық жөнге қойылмаған. Жекелеген жұмысшылар еңбек тәртібін өрескел түрде бұрмалап келеді. Олар жұмысқа кеш шығып, ерте қайтады. Жуырда комбайншы Морозова, Змеевская және Казачухленкова жолдастар бригадирдің ұлықсатынсыз-ақ жұмыстан жарты сағат бұрын кетіп қалды.

Екіншіден комбайн жөндеушілер арасында социалистік жарыс өріс алмаған. Жарыста алынған міндеттеменің орындалуын тексеру мүлде ұмыт болған. Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың жұмыс тәжірибесін жұртшылық игілігіне айналдыру ескерілмеген.

МТС мастерскойында еңбек өнімділігін көтеруге бағытталған жұмыстардың барысына назар аудармай отыр.

Жеңіске лайықты еңбек істеуде

Гитлер Германиясын талқандап, ұлы жеңіске жеткен халқымыз еліміздің күш-қуатын онан сайын арттыруда жеңіске жігерленген завод жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері бұрынғыдан да күшті қарқынмен жұмыс істеуде.

Еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра беруге бағытталған социалистік жарыс кеңінен өрістеді. Қазір екі жүзшілер қозғалысы жаппай көпшілік қозғалысына айналды.

Расшко жолдас бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары Агарков жолдас-тың жұмыс әдісін кеңінен қолдануда. Соның нәтижесінде мұнда өнім бұрынғыдан бір жарым есе артық шығарылатын болды.

Малахов жолдас басқаратын учаскенің жұмысшылары өзара социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындауда тын бай жұмыс істеп жүр. Олар Қазақстанның 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарысқа ұнтасқанда жылдық жоспардан тыс 25 мың сомның затын өндіруге міндеттенген еді. Олар бұл алған міндеттемелерін өткен үш айдың ішінде-ақ толық орындап шықты.

Цех шебері Бородин жолдас өндіріске жаңа келген жұмысшыларға өзінің жұмыс тәжірибесін үнемі үйретумен бірге, жұмыстан бос уақытта 20 жас жұмысшыға өндіріс техникасын оқытып, олардың өндіріс техникасын меңгере алатын маман болып шығуына көмектеседі. Соның нәтижесінде Бородин жолдас-тың қарамағындағы жас жұмысшылар күнделік жұмыс мөлшерін 150—175 процентке дейін орындауға жетісті.

Завод коллективі екінші тоқсанның өндірістік жоспарын мерзімінде орындауға жұмыс жасауда.

Қ. ҒАЛИЕВ.

Жастар сертін орындады

Двигательдер жасайтын заводтың жұмысшылар коллективі Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдас-тың халыққа арнаған ұлтына тарап қойылған

Екі мектепте емтихан алудың барысы

Преснов ауданындағы Октябрь және Ленин атындағы 7 жылдық мектептердің 4-класс оқушылары аудандық оқу бөлімінің нұсқауы бойынша Ленин атындағы мектепте емтихан тапсырды. ССРО Халық Комиссарлары Советінің 1944 жылғы 21 июньдегі қаулысы бойынша, оқушылардан емтихан алу үшін сынақ комиссиясы құрылды. Емтиханға Октябрь мектебінен 6 оқытушы, Ленин атындағы мектептен 4 оқытушы қатыстырылды. Октябрь мектебінен К. Ерденев, Т. Жәнібеков сыяқты оқушылар ана тілі пәнінен, арифметика пәнінен ауызша және жазбаша емтихан тапсырып, «5» және «4» деген баға алды.

Бірақ сынақта Ленин атындағы 7 жылдық мектептің 4-класс оқушыларының емтиханға жеткілікті дайындалмай келгендігі байқалды. Бұл мектептің К. Касенева, Мырзақметова сыяқты оқушылары көбейту кестесін жете білмейді. Сынақта осы кластың оқушыларын 4 жыл бойы оқытып, тәрбиелеген оқытушы К. Сәдуов жолдас-тың оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру ісіне үстірт қарап келгендігі байқалды. Ол тәрбиелеген оқушылардың біліміне сынақ комиссиясы «2» деген баға қойғанда, ол шімірікпестен: «бұл оқушыларға «2» деген баға аз ғой, тым болмаса «3» деген баға қой

сандаршы» деп сынақ комиссиясына өтіңді.

Оқу жылының қорытындысында мектеп директоры Салықов жолдас-тың оқушылардың мектептен сапалы білім, саналы тәрбие алып шығуына жеткілікті назар аудармай келгендігі анықталды. Салықов жолдас қыс бойы оқу кезінде бірде-бір класта болмаған, оқушылардың оқу үлгеруін байқамаған. Ал, 4-класс оқытушысы Сәдуов және мектеп директоры Салықов жолдастар бірнеше оқушыны мектептен дәлелсіз шығарып жіберген.

Ленин атындағы 7 жылдық мектепке аудандық оқу бөлімінің нұсқаушысы Әкімжанов жолдас оқу жылы бойына бірнеше рет келіп, оқу ісінде кездескен кемшіліктерді тексергеннен кейін, оны жою жөнінде ұсыныс жасаған болатын. Бұл ұсынысты мектеп директоры ескеру сіз қалдырды.

Жас буындардың мектептен сапалы білім алып шығуына назар аудармай келгендіктен оқушылардан сынақ алу ісі де айтарлықтай болмай отыр.

Жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісіне үстірт қарап келген мектеп директоры Салықов жолдасқа оқу орындары не дер екен?

НАЗАРОВ.
ҚОЙБАҒАРОВА.

Озат комсомол жастар бригадалары

Петропавл қалалық комсомол комитеті өнеркәсіп орындарындағы комсомол-жастар бригадаларының май айында істеген жұмыстарының нәтижесін қорытты.

Социалистік жарыста Н. заводындағы Досбаев жолдас-тың басқаруындағы бригада мүшелері бірінші орынға не болды. Бұл бригада мүшелерінің барлығы екі жүзшілер мен үш жүзшілер. Олар күнделік жұмыс тапсырмасын орындау үшін күш-қайрат жұмсады. Жас стахановшылар май айының өндірістік жоспарын 289 процент орындап шықты. Қалалық комсомол комитетінің ауыспалы Қызыл туы Г. Пальянов жолдас-тың бригадасына тапсырылды.

Екінші орынға Молотов атындағы заводтың Е. Сәдунова жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы, үшінші

орынға Баранов жолдас басқарған слесарьлар бригадасы не болды.

Жергілікті өнеркәсіп орындарында комсомол-жастар бригадаларынан Қазақстанның 25 жылдығы атындағы қолөнершілер артельінің Деляфрус және Бекеева жолдастар басқарған бригада мүшелері бірінші орынға не болды. Бекеева жолдас басқарған бригада мүшелері төрт айдан бері қалалық қолөнершілер одағының ауыспалы Қызыл туы берік ұстауда. Бұл бригада мүшелері күнделікті жұмыс мөлшерін 2—3 есе, ал бригадирдің өзі күнделік жұмыс мөлшерін жеті есе орындайды.

Сталин атындағы артельден Сахарова жолдас-тың бригадасы екінші орынға, Қазақстанның 20 жылдығы атындағы қолөнершілер артелинен Насырова жолдас басқарған бригада мүшелері үшінші орынға не болды.

Ә. АЙСИНА.

келмейді деп өңкім де айтпайды. Әңгіме басталған істің аброймен орындаында болып отыр.

И. УӘЙІСОВ.

Бұл қай найқалу

Соколов ауланындағы «Дозор Ильича» хозында егіннің арам шөбін отау жұмысы кеңінен өріс алмай отыр. Бұл қолдың егіннің арам шөп басып кеткен. Аяда, колхоз председатели Романенко, хоз председателинің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары Курсанов жолтар егіннің арам шөбін отау ісін ұйымдыруға асығатын емес.

Бүгін күн сайын егіннің арам шөбін уға 80 адам шығуға тиіс еді. Ал, жұмжа күніне небары 12 адам ғана шықты. Арам шөп отаушы колхозшылар сында еңбек тәртібі де дұрыс жолға ылмаған. Соның салдарынан олар белгіленген тапсырманы жаппай дерлік ойдамайды. Осы уақытқа дейін 690 гектар егіннің 112 гектарының ғана арам шөбі оталды.

У. ИГІБЕРГЕНОВ.

Молотов жоспарын 1 июльге дейін толық орындамақ болған еді. Алайда 15 июльге дейін 35 комбайннан не бары 8 комбайн ғана жөнделіп отыр. Мұның өзі комбайн жөндеушілердің міндеттемені орындауға үстірт қарап отырғандығын ыспаттайды.

Міндеттеменің орындалмауы сыры неде. Біріншіден жөндеушілер арасында еңбек

110 центнер пішен маяланды

Молотов атындағы (Соколов ауданы) ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары пішен шабуға жаппай кірісіп, мереке атындағы социалистік жарысты кең өріс тегіті. Бұл колхозда пішен шабуға бес шөп машинасы қосылды.

Пішен шабуға және оны жыйнауға колхозшылардың басым көпшілігі стахановша еңбек істеп жүр. Николай Каманин қарт күн сайын шөп машинасымен 4 гектар пішен шабады. Ол 5 күнде 15 гектар орнына, 22 гектар пішен шапты. Николь Самойленко жолдас та еңбек өнімділігін күн санап арттыруда. Оның өндірістік көрсеткіші үнемі 120 процент болып отыр.

Егер барлық еңбекшілер жұмысты осылай өнімді істесе, онда міндеттеменің ойдағыдай орындалуы сөзсіз. Сондықтан да, МТС басшылары жөндеушілердің өндірістік жерлерін бастай білу үшін, озаттардың іс тәжірибесін жұртшылық игілігіне айналдыра білулері керек.

Қ. ЖҰСЫПОВ.

Федор Клиши және Валентина Македон сыяқты жас өспірімдер ат тырнаушысы мен пішен жыйнауға жанамай еңбек істеп жүр. Олар екі күнде 27 гектар жердің пішенін жыйнады.

Колхозшылардың пішен жыйнау дәжұмыс мөлшерін жаппай артық орындауы колхозда пішен шабу тапсырмасының мінсіз жүзеге асуын қамтамасыз етуде. Колхоз пішен шабуға кіріскелі 75 гектар пішен шабуға тиісті болса, 94 гектар пішен шапты 110 центнер пішен майға салынды.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

бұрын орындауға міндеттенген еді. Олар бұл міндеттемелерін іс жүзінде орындау үшін жанқиярлықпен еңбек істеп, июнь айының 20 күндік жұмыс тапсырмасын 130 процент орындады, сөйтіп завод дирекциясының ауыспалы қызыл туына ие болды.

Бұлардан Максұтова жолдасын бригада мүшесі де қалысатын емес. Олар Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста алда болу үшін стахановтық вахтаға тұрып, күнделік жұмыс мөлшерін 113—185 процентке дейін орындауды міндеттеріне алған еді. Қажырлы еңбек істеу нәтижесінде олар күнделік жұмыс тапсырмаларын екі есе, үш есе орындауға жетісті.

Давыдов жолдасын бригадасының мүшелері қаһарман Қызыл Армияның тарихи жеңістерін зор қуанышпен қарсы алып, бұл жеңіске жауап ретінде бұрынғыдан да асқан жігермен жұмыс істеуге уәде берді.

Жастар бұл сертін іс жүзінде орындады. Олар ауыл шаруашылығына қосалқы бөлшектер дайындау жөніндегі тапсырманы 104 процент орындады.

Е. МАЛАЕВ.

не жоғарылатқан. Ол бұл іспен тіпті таныс емес. Сондықтан да Буримов жолдас бұл қызметтен босатуды өтінді.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы ауыл шаруашылығы кадрларын дайындау және оларды өз мамандығына дұрыс пайдалану мәселесіне ерекше назар аударды. Мұнымен қатар, жас кадрларды тәрбиелеу, олардың саяси-идеялық білім дәрежесін арттыру ісінде болған елеулі кемшіліктерді атап көрсеткен болатын. Бірақ Орталық Комитеттің бұл қаулысының орындалуы біздің облысымызда тіпті мардымсыз екендігін жоғарыдағы көрсетілген фактілерден айқын көруге болады.

Облыстық VII партия конференциясында әйелдерден кадр тәрбиелеп дайындау мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Бұл жөнінде арнаулы қарар да қабылданды. Алайда ҚК(б)П аудандық комитеттерінің кадр бөлімдері бұл мәселемен әлі күнге дейін жете шұғылданбай отыр.

Ендігі міндет—кадрларды тек қызметке жоғарылату ғана емес, сонымен қатар оларды тәрбиелеп, іскерлік тәжірибесін арттыру болып саналады. Бұл—аудандық партия комитеттерінің өзіне тән ісі. Өйткені айбынды міндеттерді іс жүзінде орындау—кадрларымыздың іскерлік қабілетіне тікелей байланысты. Сондықтан да кадрларды тәрбиелеп, іскерлік қабілетін арттыру мәселесі партия ұйымының ең жауапты және ең ардақты міндетінің бірі болып табылады.

йын өрістетуде.

Бұл театрлардың артистері жуырда қалалық мәдениет және тынығу паркінде

РЕСПУБЛИКАМЫЗДА

ОРАЛ. Батыс Қазақстан облысының кыр және тоғайлы жерлерінде бйыл шөп жақсы шықты. Шөптің мұндай шығуы облыста соңғы үш жыл ішінде болмаған еді.

Облыстың оңтүстік аудандары шөп шабуға жашпай кірісті. Тайпак, Фурманов аудандарында қазірдің өзінде 2500 гектар жердің шөбі шабылды. Шөп шабуға Жаңа қала, Орда, Чапаев аудандарының колхоздары да ұйымдасқан түрде шықты.

Алматы облысының қызылша егістерін де жекелеу жұмысы аяқталып, қазір қатар араларын қосыту жұмыстары жүріп жатыр. 2200 гектар жердің 1740 гектарының қатар аралықтары қосытылды. Іле ауданының колхоздары қызылшаны шабықтауға кірісті.

ҚАРАҒАНДЫ. № 1—2 көмір разрезінің коллективі бассейнде бірінші болып, жарты жылдық жоспарды орындап шықты. Кенішлер июнь айының аяғына де-

көркем концерт беру үшін қызу әзірлену де. Концертке екі театрдың барлық артистері мен әншілері қатысады.

ӨСКЕМЕН. Самар ауданының малшылары үстіміздегі жылы мемлекетке ет үшін берілетін малдарды жайып бағып семірту жұмысын тұңғыш рет ұйымдастырып отыр. 5 мыңнан аса қой мен ірі қара малды тәжірибесі мол шопандар тоғайлы жерлермен айдап, етке өткізілетін жерге кетіп барады. Бұл малдар үш айдан аса уақыт жолда болып, семіртілмекші.

ПАВЛОДАР. Облыстағы МТС-тардың шаруашылық құрамына үстіміздегі жылы 700 мың сом қаржы жұмсалмақ. МТС-тарда 12 гараж, 40тан аса жұмысшы жатақ үйлері, 7 клуб, 9 асхана, бірнеше монша, тағы басқалары салынады. 19 мастерской толығынан қайта жөнделеді. Үрлітүп МТСында колхозшылардың жәрдемімен МТС жұмысшылары мен мамандары үшін үлкен пәтер үй, асхана мен монша салынып жатыр.

КЕСЕК АЛТЫН ТАБЫЛДЫ

СЕМЕЙ. Балажал кен Басқармасының Сентаж кенінің старатели 17 жасар Текентай Әкімбаев жалпы салмағы 505 граммдық алтын тауып, алып, мемлекетке тапсырды.

Кен Басқармасының дирекциясы Әкім-

баев жолдасқа сыйлық ретінде бір айлық демалыс берді. Алтын үшін алған ақшаларына Текентай пальто, костюм, былғары шапан, көптеген мате, ұн, жарма және қант алды.

Үшінші Бесжылдық Заемының ұтыс тиражы

20 июньде, Москвада Үшінші Бесжылдық Заемының (3 жыл шығуы) 18-ұтыс тиражы болды.

Тиражда 134743200 сом соманың 846400 ұтысы, оның ішінде 3000 сомнан 92 ұтыс, 1000 сомнан 460 ұтыс,

500 сомнан 4600 ұтыс, 200 сомнан 110400 ұтыс және 150 сомнан 730848 ұтыс ойналды.

(ТАСС).

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.

Облтранс облыс аудандарына жүксіз баратын машиналарға жол-жөнекей жүк алады. ССРО Халық Комиссарлары Советінің 1943 жылғы 4 әпрелдегі № 239 қаулысы бойынша аудандарға бос машина жіберетін мекемелер мен ұйымдар бұл жөнінде жүк немесе адам тасу үшін № 1—28 және 4—18 телефон бойынша Облтрансқа хабарлауы керек.

Сапарға шыққан машиналарды байқау үшін Облтранс мына жерлерде: 1. Киров көшесінде (темір жол көпірі), 2. Ново-Павловскі көшесі № 99-үйде (жұмысшы поселкасының шетінде), 3. Есіл өзеніндегі көпірде бақылау постыларын ұйымдастырды.

Жүксіз жүретін автомашиналар Облтранс агенттерінің иусқауы бойынша жол-шыйбай жүк тиеу үшін немесе жолаушыларды тасу үшін көрсетілген жерге баруға міндетті. Ал қалаға келе жатқан, жүк тиеген немесе жолаушысы бар машиналардың шоферлары жүк тиеу документінсіз немесе жолаушылардың билеті болмаса, онда олар Облтранстың бақылау пунктінен рұхсат қаназ алуға тиіс.

Жол-жөнекей жүкпен жүру жөніндегі бұйрықты орындамаушылар сот жауапкершілігіне тартылады.

Жолаушылар машина күтетін алаңдарда ғана машинаға қабылданады.

ОБЛТРАНС.

Кадрларды тәрбиелеу ісіне ерекше назар аударылсын

Қ. ШӘЙМЕРДЕНОВ.

ҚК(б)П облыстық комитеті кадр бөлімінің совет-сауда жөніндегі секторының меңгерушісі.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің 1944-ғы 1 әпрелдегі қаулысын облысымыз партия ұйымдары өзінің негізгі іс-рамасы ете отырып, ауыл шаруашылығына партия басшылығын жақсартып, партияның ұйымдастыру ісін өріс отырып өлеуір жұмыстар істеді.

Аудандық, қалалық партия комитеттерінде кадр бөлімдері партия кадрларын тәрбиелеуде, оларды қызметке жоғарылату және бірталай жұмыстар істеді. Облыста жыл басынан бері, қолынан іс-іскерлік қабілеті бар кадрлардан, сауда жұмысына 28 адам қызметке жоғарылатылды. Басшы қызметке жоғарылатылған кадрларымыздың көпшілігі өндіріс орындарында атқарып келеді. М. ҚК(б)П Преснов аудандық комитетінің председатели С. Тұралин жолдас аудандық совет атқару комитеті председателине жоғарылатты. Ол, аудандық өндірістік жұмысын алдын-ала жоспар бойынша, ауыл шаруашы-

лығы артелінің Сталиндік уставы негізінде жүргізді. Егін бригадаларында тұрақты звенолар құрылып, олардың әрқайсысына нақтылы басшылық жасады. Аудандық қатарлы адамдардың іс тәжірибесі үгітшілер, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар арқылы жұртшылық игілігіне айналдырылды. Міне соның нәтижесінде бұл колхоз өткен жылы мемлекетке астық тапсырудың жылдық жоспарын артығымен орындап, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 850 пұт астық өткізді. Ал, мал шаруашылығын өркендетуің мемлекеттік жоспары барлық түліктен 102,4 процент орындалды.

ҚК(б)П Булаев аудандық комитеті аудандық тұтынушылар одағының бұрынғы қызметкері Малофеев жолдасы аудандық совет атқару комитетінің жергілікті өнеркәсіп жөніндегі орынбасарлығына жоғарлатты. Ал, ҚК(б)П Петропавл қалалық комитеті Мусина жолдасы облыстық санақ басқармасы бастығының орынбасарлығына, ҚК(б)П Ленин аудандық комитеті

дәрігер Пугачева жолдасы аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушілігіне қызметке жоғарылатты. Міне бұл жолдас-тар өздеріне тапсырылған істі аброймен орындап, іскерлік қабілетін арттыруда.

Алайда, кадрларды іріктеу, қызметке жоғарылату, оларды тәрбиелеу ісі облысымыздың барлық жерлерінде бірдей ойдағыдай жүргізіліп келеді дегуге болмайды. ҚК(б)Пның кейбір аудандық комитеттері кадрлардың іскерлігін егжей-тегжейіне дейін жете біліп алып, қызметке жоғарылату орнына, оларды анкета толтыртып, атүсті бекітумен ғана тынады. Мәселен, ҚК(б)П Преснов аудандық комитетінің кадр жөніндегі секретарі Ыбыраев жолдас аудандық санақ бөлімі басқармасы бастығының қызметіне Павлиц жолдасы ұсынған болатын. Ал, аудандық комитет оны тәрбиелеп, нақтылы көмек көрсету орнына, оны қызметінен босатуды сұрайды.

Турасын айту керек, ҚК(б)Пның аудандық комитеттері қызметке жоғарылатылған кадрларды бекіту ісін тіпті кешеуілдетеді. ҚК(б)П Ленин аудандық комитетінің кадр бөлімі 1943 жылы Сүттібаев жолдасы аудандық санақ басқармасының инспекторлығына тағайындаған болатын. Содан бері екі жылдай уақыт өтсе де Сүттібаев жолдас ҚК(б)П аудандық комитетінің бюросында әлі бекітілген жоқ. Ол, алма тіпті ҚК(б)П Преснов аудандық комитетінің кадр бөлімі колхоз председатели Буримов жолдасы аудандық тұтынушылар одағының председателидігі-